

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

Жоғарыда аталған барлық қадамдарды орындай отырып, кәсіпорында дұрыс жасалған қаржылық стратегия кәсіпорынның ақшалай қаражаттармен еркін маневр жасауға, төлемдерді өз уақытылы жүргізуге және өндірісті кеңейтуге мүмкіндік беретін стратегиялық қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Алайда, бұл тұрақтылық оптималды болуы тиіс, өйткені қаржылық ресурстардың артықшылығы қаражаттардың тұрып қалуын білдіреді, ал жетіспеушілігі кәсіпорынның дамуына кедергі жасайды.

Әдебиеттер:

1. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ/Қор қызметі/ Қол жетімді баспана 2020/<http://www.fnsk.kz/?l=kaz&p=page&i=21>.
2. <http://finance.nur.kz> ақпараттық порталы.
3. <http://www.dknews.kz> ақпараттық порталы.
4. <http://www.nomad.su> ақпараттық порталы.
5. <http://www.kecic.kz> ақпараттық порталы.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ

Кулмаганбетова А.С., Абдолла Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kulmaganbetova_as@enu.kz, jazi2307@mail.ru

Соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерлік идеясы кеңінен талқыланып, өзінің маңыздылығын нығайта түсуде. Бұл пайда алу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік проблемаларды шешу немесе олардың жағымсыз әсерлерін азайту міндетін шешуде аса маңызды құрал болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – экономиканың таяуда ғана пайда болған секторы. Аталмыш саланың негізгі анықтамасы төңірегіндегі даулар әлі күнге дейін тыншымай отыр. Әлеуметтік кәсіпкерлікті не коммерциялық, не коммерциялық емес салаға жатқызуға тырысуда. Алайда Ұлттық палата сарапшылары әлеуметтік кәсіпкерлік профиттік және нон-профиттік секторлар элементіне ие бола отырып, өзінің жеке заңдарымен тіршілік етіп, дамып жатқанын пайымдайды [3].

Бизнестің мақсаты табыс көру екені жалпыға белгілі. Ол нарық қатысушыларының мінез-құлық түрткісі мен логикасын айқындап береді.

Алайда коммерциялық емес сектордың негізгі міндеті – бұл барынша жоғары әлеуметтік әсерге қол жеткізу, қоғамдық маңызды түйткілдерді шешу. Сәйкесінше, бұл ортадағы жүріс-тұрыс логикасы, шешім қабылдау механизмі, табыстылық критерийлері және басқалары белгіленген түрткіге сәйкес құрылады.

Коммерциялық саладан да, комерциялық емес саладан да бөлек жатқан жаңа кеңістікте де орын алып отырғаны осы. Профиттік және нон-профиттік секторларда әрекет етуші тұлғалар осы жерден табылады, бірақ олардың өз мақсаттары, құндылықтар жүйесі, өзара байланыс, жүріс-тұрыс логикасы мен мотивациясы бар. Қоғамдық пайда мен қоғамдық маңызды түйткілдерді шешуге бағытталған өзіндік қарым-қатынас жүйесі бар. Әлеуметтік кәсіпкерлік – дәл осы ортаның өнімі.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» дегеніміз не? «Әлеуметтік» терминіне анықтама беру салыстырмалы түрде оңай. Бірақ, әрине, тұлғаның ба, әлде қоғамның мүддесі маңыздырақ па, не болмаса, экономиканың дамуы ма, әлде қоғамның басқа қажеттіліктері артық па, деп дауласуға болады, - алайда жалпы «әлеуметтік» ұғымының мағынасына қатысты айтарлықтай келіспеушіліктер жоқ. «Кәсіпкерлік» ұғымының жалпыға белгілі анықтамасын табу басқа дүние.

Кәсіпкерлікке әлемдік тәжірибеде көпшілік мақұлдаған анықтаманы табу біршама қиын болғандықтан, - кәсіпкерліктің өзі де – көп қырлы күрделендірілген процесс, -

«әлеуметтік кәсіпкерлік» терминіне бір мағыналы анықтама беру де айтарлықтай қиындық тудырады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кәсіпкерлік жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі.

Бұл жерде әлеуметтік кәсіпкерліктің негіз қалаушы белгілері туындайды:

1. Әлеуметтік миссияның коммерция алдындағы біріншілігі;
2. тұрақты коммерциялық әсер (өзін өзі ақтау және бәсекеге қабілеттілік);
3. Әлеуметтік және экономикалық ресурстармен қисындастырудағы жаңашылдық

[1].

Ел экономикасы үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы несімен пайдалы?

Әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік түйткілдерді шеше отырып, жаңа немесе бұрын тартылмаған ресурстарды іздеуімен. Бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін, не болмаса жалғыз басты аналар үшін арнайы жұмыс орындарын құру түйткілдерін шешу болуы мүмкін. Не болмаса қоршаған ортаны ластаумен байланысты түйткілдер. Әлеуметтік түйткілдер жетіп артылады, ал әлеуметтік кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің жиынтық экономикалық тиімділігін көтереді, өйткені бұрын қолданылмаған ресурстарды экономикалық айналымға енгізеді.

Осы әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының тарихына тоқталып өтетін болсақ, «Әлеуметтік кәсіпкерлік» (ағыл. *social entrepreneurship*) және «әлеуметтік кәсіпкер» (ағыл. *social entrepreneur*) терминдері әлеуметтік өзгерістер сұрақтарына арналып, алғаш рет 1960 жылдары ағылшын тілді әдебиетте аталды. Олар 1980 жылдары кеңінен қолданылатын болды.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мамандық және зерттеу аймағы ретінде алғашқы рет 1990 жылдардың аяғында Дьюк университетінің Әлеуметтік кәсіпкерлік дамуы орталығының директоры Грегори Диз ұсынды. 1950-1990 жылдары Майкл Янг әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуда үлкен рөл атқарды. Гарвардтың профессоры Дэниэл Белл Янгты «әлеуметтік бастамалар саласындағы әлемдегі ең табысты кәсіпкер» деп атады, оның рөлінің арқасында Ұлыбританиядағы бірнеше әлеуметтік кәсіпкерлік мектептерін қосқанда бүкіл әлем бойынша 60-тан аса ұйымдар құрылды.

Кесте 1

Әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болу және даму эволюциясы

Жылдар	Ұсынған	Мақсаты
1990 жылдардың аяғында	Грегори Диз	Әлеуметтік кәсіпкерлікті мамандық және зерттеу аймағы ретінде ұсынды
1950-1990 жылдары	Майкл Янг	Ұлыбританиядағы бірнеше әлеуметтік кәсіпкерлік мектептерін қосқанда бүкіл әлем бойынша 60-тан аса ұйымдар құрды
2007 жылы	Лорд Мосон	«Әлеуметтік кәсіпкер» кітабының авторы және оның тәжірибесін таратумен айналысатын компанияның басқарушысы болды.
XIX-XX ғасырлар	Флоренс Найтингейл	Ұлыбританиядағы мейірбикелер үшін бірінші мектептің негізін салушы
	Роберт Оуэн	Кооперативтік қозғалыстың негізін салушы
	Винобу Бхаве	«Жерді сыйға беру» (ағыл. Bhoodan movement) үнді қозғалысының негізін салушы
	Иоанн Кронштадтский	Еңбексүйгіштік үйін құрды. Мұнда әрбір мұқтаж (жалғыз басты аналардан баспанасыздарға дейін) адам өздеріне жұмыс таба алды, баспана және қамқорлық алды

Әлеуметтік кәсіпкерлікке үлгі бола алатын адамдардың қызметтерінің арасына мейірбикелер жұмысының үдемелі стандарттарын өңдейтін және олардың кең таралуына ықпал еткен, Ұлыбританиядағы мейірбикелер үшін бірінші мектептің негізін салушы Флоренс Найтингейлді; кооперативтік қозғалыстың негізін салушы Роберт Оуэнді; «Жерді сыйға беру» (ағыл. Bhoodan movement) үнді қозғалысының негізін салушы Винобу Бхавені жатқызуға болады.

Қазақстанда мемлекет пен бизнес тарапынан әлеуметтік кәсіпкерлік сипаттағы түсініспеушілік, заңнамалық және әкімшілік насихаттау идеяларының қиындықтары бар. Сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлікті үйлестіруге механизм құрылымы жоқ екенін, әлеуметтік бизнес-бастамаларды қамтамасыз етуге қаржыландыру көздері тартылмау мәселесі болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізу арқылы, біз бір жағынан әлеуметтік мәселені, екінші жағынан, коммерциялық мәселелерді шеше аламыз. Мысалы, Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлік ЖІӨ-нің шамамен 10% -ын өндіреді. Қазақстанда мүлдем басқа сурет байқалады. Осы механизмді іске қосу үшін, заңнамаға сәйкес өзгерістер енгізу, осы үшін қажетті инфрақұрылымды салу қажет. Біз іс жүзінде әлеуметтік кәсіпкерлік тетіктерін қайда қолдануды, сондай-ақ мемлекет не алатынын білуіміз қажет. Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекетке тиімді, ол күрделі мәселелерді шешу, бюджет шығындарын азайтуға көмектеседі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік механизмін қолданудағы маңызды мәселелердің бірі оның тиімділігін бағалау және анықтау. Әлеуметтік кәсіпкерліктің тиімділігін анықтау әдістемесіне әртүрлі ақпарат көздерінде әртүрлі көзқарастар бар. Жалпы алғанда әлеуметтік кәсіпкерлік жобаларының тиімділігін бағалауға инвестициялық жобаларды экономикалық бағалау әдістерін қолдану мүмкіндігі қарастырылады. Бірақ ондай жобалардың басты көздеген мақсатына сай маңыздысы олардың әлеуметтік тиімділігін бағалау болып табылады.

Әртүрлі көздерде келтірілген әдістемелерді талдау негізінде әлеуметтік кәсіпкерліктің тиімділігін көрсететін көрсеткіштерді келесідей төрт топқа топтастыруға болады:

1. Әлеуметтік жағынан қорғалмаған азаматтар үшін жұмыс орындарының ашылуы (жалғыз басты аналарды, мүгедектерді т.б. жұмыспен қамту);
2. Нақты және потенциалды бейәлеуметтік азаматтарды қоғамға бейімдеу (нашақорлар, жетімдер үйлерінің тәрбиеленушілері т.б.);
3. Аймақтағы әлеуметтік жағдайды жақсарту (балаларға арналған үйірмелерді, бассейндерді, жеңілдік беретін ауруханаларды т.б. ұйымдастыру);
4. Мүгедектерді оналту (мүгедектерге қалыпты өмір сүру жағдайларын жасау, оларды сауықтыру т.б.) [2].

Сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлік жобаларының тиімділігін бағалауда олардың бірнешеу болу мүмкіндігін ескеру қажет. Мысалы Ресейде «Наше будущее» қорының қолдауымен жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы фермасын құруға арналған «Фермерлер мектебі» жобасы алғашқы екі тиімділікті береді, яғни онда жұмыс істейтін жұмысшы күшінің негізгі бөлігі жетімдер үйінен шыққандардың болуы оларды әлеуметтендіруге мүмкіндік береді. Қысқаша көрсеткіштердің әрқайсына тоқталатын болсақ, бірінші көрсеткіш бойынша алынатын тиімділік екі жақты болады деген болжамға негізделеді:

1. Мемлекеттік және аймақтық бюджеттерді толықтыру түріндегі мемлекет үшін тиімділік;
2. Әлеуметтік жағынан қорғалмаған азамат үшін тікелей тиімділік.

Бірінші тиімділік елдің ЖІӨ-нің жұмыс істейтін азаматтардың санының артуы және осы азаматтарға мемлекеттік бюджет есебінен жәрдемақы төлеудің қажеттілігі болмайтындықтан және қосымша келіп түсетін салықтардың артуынан көрінеді. Ал екінші әлеуметтік тиімділікті жұмыспен қамтылған азаматтардың жеке табысының жәрдемақымен салыстырғанда көбірек болатындығы көрсетеді.

Нақты және потенциалды бейәлеуметтік азаматтарды қоғамға бейімдеу көрсеткіші бойынша әлеуметтік тиімділікті бағалауда өте объективті микроэкономикалық ақпарат қажет. Оны адекватты бағалаудың критеріі - осы азаматтарды қалыпты өмірге қайтарып әкелуге мүмкіндіктің пайда болуы. Оның көрсеткіші ретінде халықаралық тәжірибеде адам өмірінің экономикалық құны мен бейәлеуметтік азаматтардың қоғамға сіңісе алмау ықтималдығының көбейтіндісі түріндегі көрсеткіш қолданылады. Мысалы, нашақорлардың ауруынан айыға алмау пайызы, бұрын сотталғандардың рецидив пайызы, ал жетімдер үйінің тәрбиеленушілері үшін нашақор болу, қылмыс жасау немесе өз-өзіне қол жұмсау ықтималдығы.

Келесі көрсеткіш бойынша әлеуметтік тиімділікті бағалау мынадай болжамға негізделеді: коммерциялық негізде қызмет көрсететін ұйымдар әр аймақта бар, сондықтан негізгі әлеуметтік тиімділікке әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтар үшін жеңілдетілген бағамен қызмет көрсету арқылы қол жеткізуге болад, яғни аталған әлеуметтік категориялар үшін қолданылатын бағалар мен нарықтық бағалар арасындағы айырмашылық ретінде қосымша табыс алу.

Мүгедектерді оңалту көрсеткіші бойынша әлеуметтік тиімділікті анықтау адам өмірінің экономикалық құнына қатысты адам денсаулығындағы белгілі бір ақаулардың болмау маңыздылығының көрсеткішіне негізделеді. Мысалы сақтандыру компаниялары төлемақыны анықтауда сақтандыру сомасына қатысты белгілі бір зақымданудың құнын қолданады, сол себепті сақтандыру сомасы ретінде адам өмірінің экономикалық құнын қолдану неғұрлым жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні мен тиімділігін бағалау мәселесі өте күрделі мәселе екендігін атап өту керек. Оның күрделілігі әлі де болса келесідей маңызды сұрақтарға жауап берудің қажеттілігімен байланысты:

- Әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізу үшін қандай жағдайлар қажет?
- Әр түрлі формадағы әлеуметтік кәсіпкерлік пен белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырудың арасында қандай сәйкестіктер болу қажет?
- Дамыған және дамушы экономикалардағы әлеуметтік кәсіпкерліктің арасында қандай айырмашылықтар бар?
- Әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына қандай институционалдық факторлар әсер етеді?
- Әлеуметтік кәсіпкерлік пен тұрақты дамудың арасындағы байланыс қандай болу керек және оның тұрақты дамуға қосатын үлесі қандай?

Жалпы кез келген қоғам үшін әлеуметтік проблемалардың өзектілігі үш жақты: мемлекет, бизнес және коммерциялық емес сектордың күш-жігерін біріктіруді талап етеді. Сәйкесінше әлеуметтік проблемаларды шешуде үш буынның арасындағы байланыстар басты назарда болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Арай Ю. Н. Социальное предпринимательство в начале XXI века: основные понятия и страновые особенности / Ю. Н. Арай // Российский журнал менеджмента. - 2013. - № 1. - С. 111-130.
2. Минаев А.В. Критерии и методы оценки проектов социального предпринимательства // Труды МФТИ. - 2011. - Том 3, №3 — С. 153-158
3. <http://atyrau.palata.kz/kk/news/>.